ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 31 шілде №4712-23-00-2/1887 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Симба» атында әрекет етуші Симбаев Куаныш Кудайбергенович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,
2) 1 428 теңге мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыппұлын өндіру,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Симба» атында әрекет етуші Симбаев Куаныш Кудайбергеновичке келтірген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбының соммасын өндіру туралы талап қоюын қарап – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Симба» атында әрекет етуші Симбаев Куаныш Кудайбергенович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Scanned with CamScanner

Жеке кәсіпкер «Симба» атында әрекет етуші Симбаев Куаныш Кудайбергеновичтен мемлекет пайдасына 1 428 (бір мың төрт жүз жиырма сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұлы және 2 169 (екі мың жүз алпыс тоғыз) теңге мемлекеттік баж алымы мен сотқа шақыру шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 10.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Бекболатов А. Т., 22.09.2023

4712-23-3-1/1972

Scanned with CamScanner